



АТА-БАБАРНЫҢ ТҮБІНЕ ЖЕТКЕН ГОЛОЩЕКИН

– Сізге Алматыдан әкелген базарлығым мінеки, «Аңыз адам» журналының соңғы оншақты саны.

– Рақмет! Өте сапалы журнал екен ғой. Мынау Голощекин емес пе?

– Иә, журналдың ашаршылық нәубетіне арналған саны.

– Осы Голощекин менің бүкіл ата-бабарның түбіне жеткен. (Сұхбатымыз ә дегеннен осылай жалғасып жүре берді). Шешем марқұм айтушы еді. Олар ашаршылық кезінде Қарқаралының жанындағы ауылда тұрған екен. «Теміртау жақта Самарқанд көпірін салайын деп жатыр, жанында су қоймасы болады» дегенді естіп, ашыққан халық босып, солай қарай жолға шығады. Жұмысқа алғандарға еңбекақыға бір тілім нан мен бір селетка береді екен. Ашыққан адамға оның өзі үлкен тамақ. Ол заманда көліктің түрі – ат-арба,

Тоқтар ӘУБӘКІРОВ,

қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, сынақшы-ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы, техника ғылымдарының докторы, профессор:

ҒАРЫШТА АЛАҚАНЫҢА СЫЙЫП КЕТЕРДЕЙ, БЕЙКҮНӘ, ТАП-ТАЗА, КӨКПЕҢБЕК БОП КӨРІНГЕН ЖЕРДІ ҚҰШАҒЫҢА АЛЫП ЖЫЛАҒЫҢ КЕЛЕДІ

өгіз. Ашаршылықтың әсерімен халық мал көрсе әй-шайға қарамай жарып жеп кетеді дейді. Бұларда ол да жоқ, бәрі жаяу. Әке-шешемнің қолында кішкене баласы бар. Бикен тәтем сонда 4-5 жаста екен. Әкемнің 22 ағасы болыпты. Әкем және сол 22 ағасы отбасыларымен Теміртауға бет алады. Қыстың күні болса ке-

рек. Жол бойы жайраған өліктер. Сол қыста қасқыр да көп болыпты. Өліктердің жанында шоқиып-шоқиып қасқырлар отыратын көрінеді. Қасқырлардың адамды басынып, құтырылғаны сондай, қатып, қақайып қалған кісілерді жемей, жаңа құлаған адамды бас салады екен. Оларға ешкім қарап жатқан жоқ, қарауға шамалары

да жерді бульдозермен қазып, адамдарды бір шұңқырға үйеді екен де, бетін топырақпен тегістей салады екен. Әкем сол ашаршылықтан жалғыз ағасы екеуі ғана аман қалыпты. Былай ойласам миыма сыймайды. Олар аман болғанда қандай әулет болып отырар едік.

Менің туған нағашыларымың да тағдыры осындай. Шешей марқұмның әкесі жылқысының санын білмейтін бай адам болған. Кеңес үкіметі бар малын тартып алып, өздерін байдың баласы деп қудалап, тоз-тозын шығарады. Олар амалсыз қалаға қашуға мәжбүр болады. Қалада кісі көп болған соң, солардың арасына сіңісіп білінбей кетеді. Одан аман қалғанмен, артынша соғыс басталып, төрт ағасы да соғысқа аттанған. Үшеуі сол соғыста қаза болып, біреуі жараланып келеді. Кеудесінде оқ қалып қойған екен, елге келген соң жарасы



Бала Тоқтар 7 жаста

ҒҰМЫРНАМА

Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров (27.07.1946 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы 1- Май ауылында дүниеге келген) – қазақтың тұңғыш ғарышкері, техника ғылымдарының докторы (1998), профессор (1997), Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқыш- сынақшысы (1990), авиация генерал- майоры (1992), Кеңес Одағының Батыры (1988), Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы (1995), Қазақстан Республикасының ұшқыш- ғарышкері (1995). 1962-65 жылдары Теміртау құйма- механикалық зауытында токарь болды, есімі облыстың Құрмет кітабына алтын әріппен жазылды (1964). Ресей Федерациясындағы Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін бітірген (1969). 1969-75 жылдары Кеңес Одағы әскери-әуе күштерінің Қиыр Шығыс әскери округінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің орынбасары. Мәскеу ұшқыш-сынақшылар мектебін (1976), Мәскеу авиация институтын бітірген (1979). 1976-92 ж. Мәскеудегі А.И.Микоян атындағы Тәжірибелік конструкторлық бюросының ұшқыш- сынақшысы. Әубәкіров 1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде қонбай ұшаққа 2 рет жанармай құйдыру арқылы солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады. 1989 жылы бірінші болып авиатасушы крейсердің алаңайшысына «МиГ-29к» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды. Сондай-ақ ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі Жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал теңізі аймағы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, сол зиянды азрозольдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды. Сондай-ақ Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспанды астрофизикалық бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті. 1991 жылы 10 қазанда Жерге оралды. Әубәкіров Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты. Ол 1992-93 жылдары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1-орынбасары, 1993-94 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Аэроғарыштық агенттігінің бас директоры, Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары, 1994-95 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болды. 1996 жылдан Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі.

(Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1-том)

асқынып, ол да дүниеден өтеді.

– Артында ұрпақтары қалды ма?
– Бір ұрпағы бар еді, ол да қайтыс болып кетті. Солай шешеймен бірге туғандардан ешкім қалмады. Бірақ шешейдің әкесінің ағасынан қалған нағашыларым бар. Аласапыран заманда адасып қалған оларды Бикен апам іздеп жүріп тауып алды. Олармен бүгінгі күнге дейін қарым-қатынасымыз үзілген емес.

МЕН ДҮНИЕГЕ КЕЛЕР АЛДЫНДА АНАМ ТҮСІНДЕ АЛАҚАНЫНА АҚ КӨБЕЛЕК ҚОНҒАНЫН КӨРІПТИ

– Ата-анаңыз қандай кісілер еді?
– Анаңыз ақ сүтін ақтау үшін жай ғана жұмыс істеп, аман болу немесе батырлық жасау жетпейді екен. «Анаңыз ақ сүтін ақтау үшін Меккеге үш рет арқалап барсаң да құтылмайсың» дейді ғой. Осы – рас сөз. Мен оны кейін түсіндім. Неге екенін білмеймін, көп жылдар бойы анамның қабірінің басына аяқ баспап едім. 2004 жылы 100 жылдығы болғанда басын көтеріп, көп кісілер шақырып ас бердім. Сонда үлкен ақсақалдардан ата-анам жайлы бір аңыз естідім. Ол жайлы шешемнің айтқандарынан еміс-еміс есімде бар-тын. Балалықпен мән бермеген болуым керек, ұмытыла бастаған. Сол оқиғаны бір қарт тірілтіп айтып берді.

Менің әкем жас күнінде, тыныштық заманда сері болыпты. Бір топ жолдастарымен

ауыл-ауылға барып ән салып, күй тартып, өзіне лайықты кісі іздеп жүреді. Әкем керемет күйші екен. Ауылға келген өнерлі жігіттерді бай естіп, үйіне шақырады. Ол бай – менің нағашы атам. Үйінде бірнеше күн қонақ етіп жатқанда, бір күні оянып: «Оңғарбайды шақырыңдаршы», – депті. Әкем барса: «Сен осы Әубәкірдің баласысың ғой», – дейді. Әкем «иә» депті. «Ендеше сен бүгін ешқайда бұрылмай, үйіңе аттан. Әкеңе айт, менің қызыма келіп құда түссін. Бес ұлдың ішіндегі кенжесі жалғыз қызым. Сол қызды ұнаса, саған беремін», – дейді. Әкеме де анам ұнаған болуы керек, шаба жөнеледі. Анам марқұм ірі денелі, өжет, келбеті де келіскен қазақтың бір дәй қызы еді. Әкесі өзінің бай жолдасының баласына құдаласып отыр екен. Содан ол жолдасын шақырып көрген түсін баяндайды. «Түсімде бір ақ сақалды, ақ шапанды шал келіп: «Еңсебай, қызыңды Әубәкірдің

баласына бер. Ол екеуінен елге танымал бір азамат туады» деп айтты», – деп жолдасына сырын жеткізеді. Жолдасы да құдайына қараған адам екен, келіседі. Алған қалыңмалын тоғыз еселеп қайтарып, нағашы атам қызын менің әкеме ұзатқан екен.

– Әулиедей әкенің қызы да тегін болмаса керек. Анаңыз сізді өмірге әкелместен бұрын сіздей азаматтың дүниеге келерін сезбеді дегенге сенбес едім. Бұл жайлы анаңыздың айтқандары бар ма еді?
– Мен отбасымыздың оныншы баласымын. Сегіз қыздан кейін бір ұл туып, атын Қайырден деп қойған екен, оның ғұмыры қысқа болыпты. Содан көптен күткен ұлынан айырылып қалған анам қатты қайғырады. «Оңғарбайдан ұрпақ қалдыра алмағаным ба?», – деп көп жылапты. Өздерінің жасы да ол кезде біразға келіп қалған екен. Сөйтіп жылап жүргенде түс көреді. Оны анам бала күнімде



Анасы Қамия мен 8 жасар Тоқтар



Жездесі Нығмет, әпкесі Бикен және қоңыр қаздай інісі Әкем Тоқтармен бірге

ылғи айтып отыратын. Түсінде өз әкесі айтқандай бір адам: «Қызым, жылама, қайғырма. Алақаныңды аш. Мә, мынаны ал, осы сенің жалғасың. Риза бол!» – деп қолына әлдебір нәрсе салып, ғайып болады. Анам алақанын ашып қараса, аппақ, әдемі ақ көбелек отыр екен. Ұшып кетем деп қорқып алақанын қайта жауып, кеудесіне басқанда оянып кетеді. Шешем содан бір жақсылықтың келе жатқанын сезіп, көз жасымды тыйдым дейтін. Мен дүниеге келгенде анам 41-де, ал әкем 49 жаста екен.

– Сіз дүниеге келгенде ата-анаңыз 40 үйден құрақ жинап, сізге арнайы шапан тіктірген

ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВТИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХИ ТІЗБЕСІ

(ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРТІП БОЙЫНША)

– 1946 –

24 шілдеде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының 1 Май колхозында дүниеге келді.

– 1961-1962 –

Еңбек жолын Теміртау қаласындағы асханалар мен мейрамханалар тресінде жүк тасушы болып бастады.

– 1964 –

Есімі облыстың Құрмет кітабына алтын әріппен жазылды

– 1962-1965 –

Теміртаудағы құю-механикалық зауытында токарь болып еңбек етті.

– 1969 –

Армавирдегі ұшқыштардың жоғары әскери авиациялық училищесін бітірді

– 1969-1975 –

КСРО Әуе Күштерінде ұшқыш, звено командирі, штурман – авиация эскадрильясы командирінің орынбасары.

– 1975-1976 –

Ұшқыш-сынақшы, ҰСМ тыңдаушысы.

– 1976 –

Улан-Уде авиациялық зауытының ұшқыш-сынақшысы.

– 1976 –

КСРО Авиация өнеркәсібі министрлігінің сынақшы-ұшқыштар мектебін аяқтады.

– 1979 –

Мәскеу авиация институтын бітірді.

– 1976-1991 –

А.Микоян атындағы конструкторлық бюросында ұшқыш-сынақшы.

– 1986 –

«Тбилиси» авиатасығыш крейсеріне МиГ-19К ұшағын қандырып, сол жерден әдеттегі жүіе бойынша әлемде тұңғыш рет трамплиннен ұшып шықты. Бұл ұшу бірден Гиннестің рекордтар кітабына енді.

– 1988 –

Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

– 1988 –

Кеңес Одағында Тұңғыш рет әуеде ұшаққа 2 рет жанармай құйдыру арқылы солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады.

– 1991 –

2 қазанда зерттеуші ғарышкер есебінде «Союз ТМ-13» ғарыш кемесімен ғарышқа ұшты.

– 1991 –

10 қазанда апта бойы «Мир» орбиталды кешенінде жұмыс істеп, Жерге қайтып қонды. Ғарышта өткен мерзімі – 7 күн 22 сағат 13 минут.

деген сөз рас па?

– Иә, бәрі рас. Мені ауыл-ауылдан жинаған 40 кемпірдің бұтының астынан өткізіп, сол кемпірлер әкелген 40 жапырақ матадан құрақ құрап, шапан тіктіріпті. Қайтсін енді, тірі қала ма дегендері ғой. Менің тұртұлғам әкеме, ал мінез-құлқым анама тартқан.

КІШКЕНЕ КҮНІМДЕ ОМЫРТҚА СҮЙЕКТІ ҰШАҚ ҚЫЛЫП ҰШЫРЫП ОЙНАЙДЫ ЕКЕНМІН

– Анаңыздың түсіндегі ақ қанатты көбелек сіздің өмір бойы аспанды аңсаумен, көк әлемін шарлаумен өтетініңізді меңзеп тұрғанына таңғалып отырмын.

– Оған өзім де таңғаламын. Кішкене күнімде «самолет, самолет» деп қойдың омыртқа сүйегін ұшақ қылып ұшырып ойнайды екенмін. Олардың бәрі есімде жоқ. Оны анамның кейіннен ұшқыштар оқуына барам дегенде «есіңді білер-білместе-ақ омыртқа сүйекті самолет қылып ойнаушы едің» дегенінде бір-ақ білдім. Ол заманда қазіргідей күнде кино, видео, теледидар көріп жатқаным жоқ. Оқулық тапшы. Электр жарығы атымен жоқ. Май шаммен отырамыз. Қазір жасым біразға келгенде ойлаймын, негізі Алла тағала адам баласының болашақтағы істейтін ісіне қарай санасына сол нәрсеге деген ынтызарлықты енгізіп қояды екен. Әйтпесе өмірімде ұшақ көрмеген мен омыртқа сүйекті ұшақ қылып ұшыруды кімнен көріп, кімнен үйреніппін. Ол бір жаратылыспен келген, осы жолға арнайы бағытталған кісінің істейтін ісі ғой. «Осылай боласың» деп Алла тағаланың Өзі миға қондырса керек. Адам соны жасауға еріксіз ұмтылады екен.

– Ерке бала болдыңыз ба?

– Өте ерке болған жоқпын. Бірақ еркін өстім. «Жоқ» дегенді білмейтінмін. Ылғи да «болады», «жасаймын» деп алға ұмтылдым.

– Шешімдеріңізге анаңыз қарсы келмейтін бе еді?

– Көбінесе қарсы келмейтін. Түсінбеген жері болса сұрайтын. Түсіндіретінмін.

– Бала болсаңыз да анаңыз сіздің өжеттік, жігіттік өр мінезіңізді мойындайды ғой.

– Анамды он жасымда

мойындатқанмын. Оны нақпа-нақ білем.

– Қалай? Не істедіңіз сонда?
– Бірінші рет он жасымда шешеме айтпай жұмысқа бардым. «Таңертең жетіде оят» дедім. Оятты. Қайда баратынымды айтпай кетіп қалдым.



Тоқтардың 16 жасында «Құрмет тақтасына» ілінген суреті. Теміртау

– Ол жұмысқа анаңызды аяғандықтан бардыңыз ба?
– Әрине. Анамды, өзімді асырауым керек болды. Қиналып жүргенін күнде көретімін. Күннен-күнге жүдеп, белі бүгіліп бара жатты. Үйде менен басқа еркек кіндік жоқ. Шешемді көтергім келді, асырағым келді. Тезірек ер жетуге, азамат болуға асықтым (көңілі босап кетті). Жасы күннен-күнге ұлғайып бара жатты. Теміржолға жұмысқа бардым. Түсте он екі жарымда барлығы үзіліске шығады. Сол кезде мен қап-қара май болып жүгіріп үйге келемін. Анам жылы су, сабын дайындап қояды. «Балам-ау, мына түрің не? Қайдан келдің?» – деп қайта-қайта сұрайды. Мен үндемеймін. Үшінші күні қолыма су құйып тұрып жылады. Бәрін біліп жүр екен. Сосын «Сен өсіпсің, азамат болыпсың, осы күнге жеткенім үшін Құдайға шүкір», – деді. Анамның осы сөзі мені керемет қанаттандырды. Сол сәттен бастап өзімді «азаматпын» деп есептедім.

– 5-7 сыныптарда ауылда оқыдыңыз.
– Иә, шешем ауырған соң ауылға көштік.

Екіншіден, мен қала балаларына қосылып ылғи далада жүретінді шығарып алдым. Үйге түнде қонуға ғана келемін. Кіммен, қайда жүргенімді ешкім білмейді. Жалғыз ұлының өзінен алыстап, жоқ болып бара жатқанын ол кісі жақсы түсінді. «Қаланың ауасы жақпады. Мен ауырдым. Ауылға



Оқу-жаттығу озаты

көшеміз», – деді бір күні. Әрине, менің шешемді тастамасым анық. Сонымен ауылға қайтып көшіп кеттік.

– Жоқ болып кеткенде не істейсіздер сонда?
– Балалармен ойнаймыз. Тентектік жасаймыз, төбелесеміз де. Кейде тентектікпен бала-



Тоқтар 4-курс студенті, 1968 жыл

лар дүңгіршектердің әйнектерін сындырып, конфет, анау-мынау алатын. Бірақ мен ешқашан ұрлық жасаған емеспін. Алайда қыз емеспін ғой, қастарында тұратынмын. Мен жас болсам да ерекше қарулы, қайратты болдым. Он жасымда он бестегі балаларды бағындырдым. Ешқашан



Курсант – Тоқтар

ешкімге есемді жібермейтінмін. Төбелескенде ылғи да көзімді қорғап, ешнәрсе тигізбеуге тырысатынмын. Ұшқыш болғым келеді ғой. Ол үшін көзді сақтау керек екенін де жақсы білетінмін.

– Ол арманыңызды балалармен бөлісетін бе едіңіз?
– Болат деген жақсы жолдасым болды. Соған ғана айтқанмын. 10-11 жасымызда ағаштан ұшақтар жасайтынбыз. 12-13 жасымда ағаштан ұшатын ұшақтарды өзім жасадым. Биіктен лақтырасың, ол ұшады. Соңынан маз болып далақтап жүгіресің. Оған резеңкемен пропинка жасаймын. Ол заманда резеңке табу деген бір қиямет-қайым еді.

– Оны қайдан табасыздар енді?
– Табамыз, бірақ айтпаймын (қарқылдап күліп алды). Сонда резеңкесі ауырлау болса, ұшпай қалады. Оған өлердей қапаланып, ызаланасың. Ұшатын ұшақты қаладағы балалардан көргем. Олар сатып алады, ал мен өз қолыммен жасаймын. Менің қалағанымды сатып әпере қоятын әкем қайда. Кішкене ағашты күні бойы жонып отырғаным. Ол заманда қағаз да тапшы. Дүкендерде шайдың босаған жәшігі болады. Оның ішіндегі жылтыр қағазын «жыртпай маған беріңізші» деп дүкеншілерге жалынамын. Олар түсініп, сақтап қояды. Жыртылып қалса, қайтадан келемін.

- 1992 –
(Наурыз-тамыз) ҚР Мемлекеттік қорғаныс комитеті Төрағасының бірінші орынбасары.
- 1992 –
Авиация генерал-майоры.
- 1992-1993 –
(1992 тамыз-1993 қаңтар) ҚР Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары.
- 1993 –
(1993 қаңтар-ақпан) Ғарышты зерттеу агенттігінің Бас директоры – ҚР ғылым мен жаңа технологиялар министрінің орынбасары.
- 1993 –
Австрияның «Алтын Крест» орденінің иегері.
- 1993-1994 –
(1993 ақпан-1994 наурыз) Ұлттық Аэроғарыш агенттігінің Бас директоры болды.
- 1994-1995 –
ҚР Жоғарғы Кеңесінің қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік жөніндегі комитетінің төрағасы қызметін атқарды.
- 1995 –
Қазақстанның «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, «Отан» орденімен, «Алтын жұлдызбен» марапатталды.
- 1996-1997 –
ҚР Президентінің Көмекшісі.
- 1997-2000 –
ҚР Президентінің Кеңесшісі.
- 1999 –
Еңбегі сіңген сынақышы-ұшқыш, ұшқыш-инженер, инженер-аэродинамик, сынақышы-ғарышкер-ұшқыш, техника ғылымдарының докторы, профессор (Ресей).
- 2000-2001 –
Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының орынбасары.
- 2001 –
«Ғасыр саңлағы» атағы берілді.
- 2001 –
44 Қызылорда сайлау округі бойынша Қазақстан Республикасы парламентінің мәжілісіне депутат болып сайланды. Қызылорда қаласының құрметті азаматы.
- 2003 –
Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты.
- 2006 –
Азаматтық авиация академиясының Құрметті профессоры.
- 2010 –
Тұран-Астана университетінің профессоры.
- 2012 –
Мамыр айынан бастап Қазақстан темір жолы президентінің кеңесшісі.

«Тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Дүбақиров» кітабы бойынша дайындаған Руслан БАҚЫТЖАН



Қарағанды аэроклубының мүшелері. Қарабас аймағында

ӨМІР БОЙЫ АРМАНЫМДЫ САТПАДЫМ

– Он бес жасыңыздан зауытта жұмыс жасадыңыз. Мектепте өте жақсы оқыдыңыз. Арасында ДОСААФ-қа кіріп, ұшақпен де ұшып жүрдіңіз. Бәріне қалай уақыт табушы едіңіз?

– Бұл Алланың берген зеректігі, ата-ананың қанымен, тәрбиесімен келген қасиет деп ойлаймын. «Қасиет, қасиет» десең өзіңді-өзің көтере берген сияқты боласың. Бірақ шындығы осы. Мен не істесем де жан-тәнімді беріп, өзімнің жеке шаруамдай жасайтынмын. Мектепте оқығанда да солай оқыдым. Темірмен арпалысқанда да солай арпалыстым. Ұшақанда да солай ұштым. Нашар адам болуға намыстандым. Зауыт-

ҒАРЫШҚА ҰШУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Ғарышқа ұшу ұғымы әр елде әртүрлі. Халықаралық аэроавиация федерациясының бекітуі бойынша 100 км биіктікке көтерілу – космостық ұшу болып саналады. АҚШ әскери-әуе күшінің сарабы бойынша 50 мильді (80) еңсерген адам ғарышты еңсерді деген сөз. Ал Ресейде жерді кем дегенде бір айналып шықпаса, ғарышқа ұшқандық болып саналмайды. 2013 жылдың 1 қаңтарындағы дерек бойынша жерді орбитальды айналған әлем ғарышкерлерінің саны 527 адамға жеткен. Тарихта 56 ғарышкер-әйелдің аты қалды.

та 15 жасымда токарлық жұмыс істеп жүргенімде де «мынау Дубәкіровтің жасағаны» деп мақтаншып анып жүретін болсын деген ниетпен істедім. Ниет дұрыс болса, нәтиже де әрдайым дұрыс болады. Зауыттың жоспары орындалмай жатса, басшылар маған өтініш айтатын. Ұйқы-күлкі

дегенді білмей, зауыттың бүкіл жоспарын орындап беретінмін. Еңбегім еш кеткен жоқ. 15-16 жасымда-ақ газеттерде мен жайлы мақтау мақалалар шығып, Қарағанды облыстық кітапқа алтын әріптермен атым жазылды. Бала демей, үш бөлмелі үй берді. Мектеп бітіріп жатқанымда Алматыдағы политехникалық институтқа тегін жолдама берді. Стипендия орнына зауыттағы жалақымы алып тұратын болдым. Менен үлкен үміт күткен зауыт басшылығы: «Институт бітіріп келген соң осы зауытты сен басқарасың», – деді. Әрине, мен жеңілдік, байлық іздеген адам болсам, олардың айтқанын орындауға болатын еді. Алайда жүрегімнің түбіндегі арманымды қайттем? Жұмыстың арасында ДОСААФ-қа барып ұшақпен ұшып та көріп жүрдім. Шаршау дегенді, уақытты текке өткізу дегенді білмедім. Жұмыстан қолым босаса – сабақ, сабақтан босасам – ДОСААФ. Бар арма-

ным – ұшқыштық болармын», – дейтін. Онысына біз күлетінбіз. Бала жастан «самолет, самолет» деп басын қатырып жүрмін. Анам да менің арманымды аяқасты еткісі келмеді, батасын беріп шығарып салды. Сондағы айтқан сөзі әлі есімнен кетпейді. «Жарайды балам, өзіңнің қалаған оқуың. Қанатыңды кеспейін. Қолың жетпей қалса арманда кетерсің. Қанатың мықты болсын. Маған алаңдама. Жанымда әпкең, жиендерім бар. Оқуыңды жақсы оқы, бірақ ұшқанда қатты ұшпа, ақырын-ақырын ұш», – деп еді. Ол кісі кейін баласының дыбыстан да жылдам ұшақпен ұшарын қайдан білсін (күліп алды).



Әскери истребительмен алғаш ұшуы

– Дегенмен, анаңыз жүректі екен. Жалғыз баласын көзі қиып алысқа қалай жіберді? – Әрине, қимады. Қай ана баласын алысқа жібергісі келеді?! Менің анам да: «Сені әскерге шақыратын болса, бірге барамын. Аспаздық жасармын, еден жуармын, бірақ сенің жаныңда

Бірақ кететін кезімде жылады. «Рұқсатыңды беріп тұрып енді неге жылайсың?» – дедім. «Мен анамын ғой, сені алысқа жіберу оңай дейсің бе?» – деді күрсініп. Қазір түсінемін. Ол кезде қайдам, ана жүрегің түсіндім деп айта алмаймын.



Кеңес Одағының Батырлары, еңбегі сіңген сынақшы-ұшқыштар – Т.О.Дубәкіров, В.Е.Меницкий, А.Г.Фастовец, Б.А.Орлов және Р.П.Таскаев



Кеңес Одағының Батыры атағын алған күн. 1988 жыл

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ АТАҒЫН ҮШІНШІ РЕТ ҰСЫНЫЛҒАНЫМДА ҒАНА БЕРДІ

– Елуден астам ұшақ түрін сынақтан өткізген қас мамансыз. Әр сынақтың ғарышқа ұшқаннан да қауіпті екендігі, жанқиярлықты, табандылықты талап еткендігі өзіңізге ғана аян. Осы жанқиярлық ерлікке, яғни құрбандыққа бас тіктірген бойыңыздағы қандай құштарлық?

– Білмеймін. Ол қандай құштарлық екенін өзім де байыбына барып айта алмаймын. Менің білерім, бала жастан аспанды аңсадым. Ұшуды аңсадым. Ол арманыма жету үшін білімді болу аздық етегінін, терең біліммен қатар бойыңдағы ерік-күш, денсаулық және уақытты дұрыс пайдалана білу керек екенін нақты түсіндім. Ешқашан «осы жетеді, болды» демедім. Білгеннің үстіне біле түскім келді. Бірдеңе жасасам, одан да жақсы жасай алатыныма сендім және өз-өзіме талап қоя білдім. Ұшақтарды жанымдай жақсы көрдім. Оларға темір деп қарамадым, адам сияқты жанын түсінуге тырыстым.

– МиГ-29 ұшағын 1989 жылдың 1 қарашасында «Тбилиси» немесіне қондырған әлемдегі алғашқы азаматсыз. Кейін бұл ерлігіңіз аңызға айналды. Бірақ сіз Кеңес Одағының Батыры атағын 1988 жылы алдыңыз,

яғни кемеге қонудан бір жыл бұрын. Осы атақтың қандай ерлікпен келгенін ашып айтуға бола ма?

– Негізі мені Батыр атағына 1979 жылы ұсынған. 1976 жылы күзде Қиыр Шығыста «Беленка» деген ұшқыш МиГ-25 ұшағын Жапонияға апарып қондырды. Ондағы көп құпия заттар американдықтарға белгілі болып қалды. Сондықтан ол ұшақты өзгертіп, жаңартып, сынақтан өткізу маған тапсырылды. А.И.Микоян атындағы конструкторлық бюродан мен, әскери орталықтан екі полковник, осы үш кісі жарты жылдың ішінде МиГ-25 ұшағының жаман жағын көрсетіп, жақсы жағын одан да жақсартып, жаңартып, бастан-аяқ сынақтан өткізіп, армияға ұсындық. МиГ-25-те өзгеріс көп болды. Бұрынғысы МиГ-25 «А» болса, енді МиГ-25 «Б», «Д» деген атаулар алынды. Әрине оны түгел қайтадан жасап шығу оңай шаруа емес еді. Сол үшін тобымызға жұлдыз берілді. Маған үлкен бастығым А.В.Федотов келіп: «Тоқтар, сен әлі жассың, болашақта әлі талай жұлдыздарың болады. Мына полковник 30 жылдан астам еңбек етіп, сынақшы-ұшқыш болса да Батыр атағы берілмеді. Сен ренжімесең, жолыңды осы кісіге берсең», – деді. Келістім. Екінші рет 1986 жылы тамыз айында ұсынған. Іссапардан келсем үлкен партия қызметкерлері бір қағазды әкеліп: «Мынаған қарсысыз ба, қарсы емессіз бе? Келіссеңіз, қол қойыңыз», – дейді. Оқып қарасам, мені Батыр атағына ұсынған шешім екен. Ал-

дым да: «Берсең бер, бермесең мазақ қылма! Сендерден Батыр атағын сұраған жоқпын. Өзіме-өзімнің қол қойғаным қалай?!» – деп лақтырып жібердім. Лақтырмағанда 7 қарашада берілу керек екен. Сол жылы Алматыда Желтоқсан оқиғасы болды. Осы ұсыныс бәрінің қолынан өтіп, Горбачевке келген. Ол оқып, қол қояйын деп жатқанда «ұлтты – қазақ» дегенді оқып қалып, «мен мұндай абориген ұлтты білмеймін, қайтып әкелуші болмаңдар» деп еден-

ҒАРЫШҚА ҰШҚАН АДАМДЫ КІМ НЕ ДЕЙДІ?

Американың ғарыш кемесімен ұшқан адам «астронавт» деп аталады. Қытай кемесімен атанса, «тайконавт» делінеді. Малайзия ғарышкері ұшқаннан кейін «ангасаван» деген сөз де пайда болған. Ағылшындар астронавты да, космонавты да қолданады.

ге лақтырып жіберіпті. Ол жайлы кейін 1988 жылы Батыр атағын алғаныма жігіттер айтты. Сонымен үшінші рет ұсынылғанда алдым.

Кеңес Одағының Батыры атағы бір ғана ерлікке емес, үсті-үстіне жасалған сынақтар мен жанқиярлық ерліктер үшін берілген атақ. 1979 жылдан кейін де қаншама жұмыстар жасадым. Ана жаққа кетіп бара жатып, қайта оралған күндерім де көп болды. Талай жігіттер мәңгілікке кетті. Ажалмен сәт сайын бетпелбет келдік.

МиГ-31 ұшағымен әуеде екі рет жанармай құйғызып ұштым. Оны құю үшін де өте үлкен шеберлік

керек. Ол анау-мынау ұшқыштың қолынан келе бермейді. Осы МиГ-31 ұшағын бастап та, аяқтап та, тікелей жасап, түгел сынақтан өткізіп берген менмін.

ӨЗІМІЗДІ ӨЛТІРУГЕ АРНАЛҒАН ПИСТОЛЕТ ЖАНЫМЫЗДА ЖҮРЕТІН

– Солтүстік Мұзды мұхиттың үстімен алты рет ұшып өттіңіз.

– Сол алты рет ұшу үшін, жерде төрт рет ұшып дайындалдым. Мәскеу-Орал-Солтүстік, қайтадан Мәскеу-Орал-Солтүстік. Осылай үш бұрышқа ұшасың-қонасың, ұшасың-қонасың. Таңертең ерте бізді ғана шығарып салады, ұшып кетеміз. Қонамыз. Тағы да бізден басқа ешкім жоқ. Белгілі нүктелерде бірнеше адам ғана күтеді.

– Солтүстік Мұзды мұхиттың үстімен ең ұзақ қанша сағат ұштыңыз?

– Тоғыз сағат ұштым.

– Ең қиналған сәтіңіз. (Айтуға бола ма, болмай ма дегендей ұзақ ойланып қалды).

– ... Ең қиналған сәтім, енді... сен тар ұшақтың ішінде қатты байлауда отырсың. Таңертең қандай да бір сусын, сұйықтық ішесің ғой. Ұлы сөзде ұяттық жоқ, қиналатының кіші дәрет екен. Жүгіріп бара қоятын жерде емессің. Көкте зулап барасың. Қонуға мүлдем болмайды. Қонатын жер де жоқ. Содан кейін, 1986 жылы маған және менің штурманыма арнайы памперс жасалды. Ол кез-



Гиннестің рекордтар кітабына енген күн...

де Кеңестер Одағында үлкен кісі түгілі, сәбилерге арналған памперс жоқ болатын. Оны киген соң жұмысымыз әлдеқайда жеңілдеді.

– Бұл шешімді сіздердің қиналғандарыңызды көргеннен кейін шығарып отыр ғой.

– Иә, бүкіл ғылыми институттар бізге жұмыс істейтін. Біздің жағдайымызды көргеннен кейін, сол күні, сол сәтте шешім қабылданып, памперс жасауға тапсырма берілді. Дені сау адамға ол да біртүрлі екен, бір-екі ұшқаннан кейін «басқа нәрселерді ойластырмасаңыздар бұл да қолайсыз екен» дедік. Көп кешікпей оны да ойлап тапты. Содан кейін ұшқанда еш алаңдамайтын болдық. Тіпті кезекті ұшуға термоспен кофе, бір тілім нан мен ірімшік ала шығатынды шығардық.

– Мұның бәрі кейінгі жағдайлар ғой. Оқиғаның негізгі сәтінде мәселені қалай шештіңіздер? Кез келген адам баласының басында күнделікті кездесетін табиғи процесс болғандықтан, қысылмай айтсаңыз деп едім.

– Бізге мұндай қиындық кездесетінін бастапқыда ешкім ашып айтқан жоқ. Өйткені, өздері де білмеді. Ұшу онша қиын емес.



Еңбегі сіңген сынақшы-ұшқыш. 1989 жыл

Басқа ұшақтардай айла-тасіл қолданып, сынақтан өткізбейсің. Жолаушылар ұшағы сияқты ылғи бірқалыпты ұшып келесің.

Кісіні не құртады?! Ой құртады. «Қалай шыдаймын?» деп ойлайсың. Қуығың қысқанда бүкіл ойынды сол жеңіп кетеді. Тіпті не істеп келе жатқаныңды білмей, естен ада-

са бастайсың. Зәрдің уы деген өте қиын екен. Денеңе тұтастай жайылып, шығатын жер таппай, көзіңнен ағады. Көзіміз бұлдырап, денеміз дірілдеп, бар күшімізді салып өлмеуге тырысып келеміз. Қасымда штурманым Леонид Степанович Попов деген жігіт бар. Қазір Ресей Батыры, Жуковскийде жұмыс істейді. Бір кезде ештеңе керегі жоқ сияқты, денеміз өзінен-өзі тынышталғандай болды. Өзімізді-өзіміз басқарудан қалып барамыз. Межелі жерімізге әупірімдеп жетіп, ұшақты әрең қондырдық. Есіміз кіресілі-шығасылы. Дәрігерлер күтіп алып,

ЖЕРДІҢ ЕҢ АЛҒАШҚЫ СУРЕТІ

1946 жылы Американың ракетасына орнатылған камера арқылы 105 шақырымнан жердің алғашқы суреті түсірілді.



МиГ-29 ұшағын кеме ортына қондыру



Қиыр Шығыстағы әскери авиабазадағы қызмет кездері

сүйемелдеп душқа алып барды. Енді аяғымыздан тұрайық десек, буындарымыз істемейді. Айнаға қарасақ, бүкіл денеміз көзімізге дейін сарғайып кетіліпті. Әлгі зәр бүкіл денеге жайылып, басқа дейін шапқан екен. Бүкіл денең сыздағанда осы қазір кеудеңнен жаның шығатын сияқты. Денеге тарап кеткен зәрдің денеден қайта шығуы да өте қиын болады екен. Дәрігерлер екі күн емдеп, қалпымызға келтірді. Жоғарыда айтқан шешімдерді сол күні қабылдаған еді. Осындай қиыншылықтар бастан өтті.

– Егер апатты жағдайға

тап болсаңыздар не істер едіңіздер?

– Оның да шешімі қарастырылып қойылған. Бізге ұзақ сапарға ұшар алдында пистолет берілетін. Оған бас конструктор рұқсат еткен. Егер ұшаққа қандай да бір апатты жағдай төнетін болса, секіруіміз керек емес пе?! Оның орнына ұшақты өзін-өзі басқаруға қоясың да, өз-өзіңді атып тастайсың. Неге десең, парашютпен мұзға қонғанда бәрібір тірі қалмайсың.

– Ешкім құтқарып ала алмайды ма?

– Сені құтқарып алам деген сөз түгілі, ой да жоқ. Ешкім құтқарып ала алмайды. Бізден басқа ешкім ол жаққа бара алмайды да. Соның бәріне өз еркіңмен келісіп, құрбандыққа аттанасың. Ғылым үшін, адам баласының ғылымды игеруі үшін өз-өзімізді әр сәтте құрбандыққа беруге әзір едік.

АМЕРИКАНДЫҚТАРДАН РАКЕТАНЫҢ ОРНЫНА БАК ТАСТАП ҚҰТЫЛҒАНМЫН

– Осындай қауіп-қатерлі жағдайда жеке шешім қабылдауға рұқсат берілетін бе еді? Қандай жеке шешіміңізді айтып бере алар едіңіз?

– Бірде Мұзды мұхиттың үстіндегі сынақтан қайтып

АЛҒАШҚЫ КОСМОНАВТАР

Кеңес үкіметінің Кеңес ғарыш агенттігі алғашқы космонавтар тобын 1960 жылдың мамырында таңдады. Алғашқы космонавтар алғашқы астронавтар секілді әскери ұшқыштар болды.

Бірінші топ мүшелері: Юрий Гагарин, Валерий Быковский, Андрей Николаев, Павел Попович, Герман Титов және Григорий Нелюбов.

келе жатқанда жерден рациямен: «Уайымдамандар, сендерді қорғауға ұшақтар жібердік», – деп хабарлады. Аң-таң бо-



Ғарышқа ұшар алдында

лып: «Не үшін?» – деп сұрасам, «Сендердің қастарыңда американдық екі ұшақ келеді», – деп, екеуінің маркаларын айтты. Жан-жағыма қараймын. Ештеңе көрінбейді. Сөйтсем, біреуі төбемізде, екіншісі астымызда бізді қоршауға алып келе жатыр екен. Біз байқамалпыз да. Көмекке әскери төрт ұшақ әуеге көтерілген екен. Бірақ олар жетем дегенше қаншама уақыт кетеді. Содан қасымдағы

жігітке: «Леня, мен сезіп келемін, астыңғы бактер қазір түсіп кететін сияқты», – дедім. Әлгінде кішкене босап тұрғанын байқап қалғанмын. Бізде жанармай құятын төменгі бактер болатын. Ұзақ жол жүргендіктен ішіндегі жанармай таусылған еді. Осы екі арада бір ой сап ете қалды. Бізде не оқ, не ракета жоқ. Жеңіл ұшақ. Бактерді жіберсек, тура ракета сияқты ұшады. Бакты арнайы түсірсен үлкен халықаралық жанжал туындайды. Сосын жер-

АШЫҚ ҒАРЫШТАҒЫ ЖҰМЫС

Ашық ғарыштағы жұмыс дегеніміз – ғарыштағы көлік сыртында жұмыс істеу. Ғарышкерлер өздерінің ғарыш костюмдерін киіп, әуе шлюзі деп аталатын екі есікті бөлім арқылы сыртқа шығады. Олар шығу үшін шлюздегі ауаны босатып, сыртқы люкті ашады. Ғарыш костюмі ғарышкерге ашық ғарышта алты- сегіз сағат бойы жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

ге: «Мына бактер түсіп кететін сияқты. Қозғалып келеді. Дұрыс біектілмепті», – деп хабарлады. Олар: «Қалайша? Не болып қалды?» – деп сұрап жатыр. Мен: «Білмеймін. Жерге қонған соң тексеру керек», – дедім де, апатты нүктені басып қалдым. Бактер ракета сияқты кетті. Америка ұшақтары да зу етіп, жалт бұрылды да, екеуі екі жаққа қашып жоқ болды (*рахаттанна күліп алды*). «Олар сендерден кетіп барады, кетіп барады. Неге қашты? Не істедіңдер?» – деп жерден сұрап жатыр. «Жай, бізден бактер түсіп кетті. Соны

ракета деп қалған болулары керек. Не болғанын білмеймін. Жерге барған соң тексеру керек», – дей салдым. «Иә, иә, тексереміз, тексереміз», – деп қояды олар. Американдықтардан осылай құтылғанмын.

– Ол да бір тура келген ажал еді ғой.
– Әрине, айдаладасың. Бейтарап жер. Айналаңда тіршілік белгісі жоқ. Саған кім не істеймін десе істей алады.

Сұраусызсың. Біреу-міреу көріп тұрса да, ештеңе айта алмайды. Атып тастаса өлдің, кеттің. Соңынан 5-6 жігіт еске алса алар, алмаса ол да жоқ. Біттің. Алла сақтағанда американдықтар қару қолданған жоқ.

– МиГ-ті жетілдірудегі әлемдегі ең үздік сынақшы-ұшқыштардың жетілігінің бірісіз. Осы әріптестеріңіз туралы не айтасыз?
– Жетілігі емес, ондығының бірімін. Халық кейде қатты жақсы көргенде осылай өсіріп те жібереді. Ол әріптестерім жайлы ештеңе де білмеймін. Ол тізімге Кеңес Одағынан екі-ақ кісі енгізілген. Бірі – Валерий Евгеньевич Меницкий, екіншісі – мен. В.Е.Меницкий А.В.Федотов қаза тапқаннан кейін сол кісінің орнына бізге бастық болып келді. Америкада арнайы зерттеулер жүргізетін үлкен ұжым бар. Сол ұжымның



Халықаралық кеңес-австрия ғарыштық экипажының мүшелері – Франс Фибек, Александр Волков, Тоқтар Әубәкіров

зерттеу қорытындысымен іскерлер әлемінің «Forbes» журналы ХХ ғасырдың ең маңызды, ең мықты, ең бақтыры сынақшы-ұшқыштарының тізімін жариялайды. Оның ішінде америкалықтар, ағылшындар, итальяндықтар бар. Сол тізімде мен үшінші тұр екенмін. Оны маған Американың авиация мұражайына барған жігіттер айтып келді. Өзім әлі көрген жоқпын.

РЕСЕЙДІҢ МАҒАН, МЕНІҢ ӨЗ ЕЛІМЕ ӨКПЕМ ЖОҚ

– Әлемдегі саусақпен санайтын өте шебер сынақшы-ұшқыш ретінде Ресей сізді әлі күнге дейін шақырады деп естиміз. Ал өз еліңіз сіз игерген ғылым-білімді пайдалана алды ма?
– Докторлығымды қорғайтында аэродинамика туралы үлкен кітап жаздым. «Ұшақтар қалай ұшады?

Неге ұшады? Қалай биікке көтеріледі? Неге құлайды?» деген тақырыптардан тұрады. Олардың бәрі ол кездерде құпия болатын. Ұшақтар кемеге қалай қону керек, кемеден қалай ұшып шығу керек, қауіпті жағдайда не істеу керек, қолайсыз ауа райында қалай қонуға болады – бәрі өзімің зерттеген, сынақтан өткізген дүниелерім, өзім өткен жолдар. Оларды түгел қағазға түсіріп, ғылыми негізде кітап етіп шығарғанмын. Бұл – бір. Екіншіден, өткен ғасырдың басында Ресейдің Николай Егорович Жуковский деген Авиация ғылымын дамытудағы еңбегі өте зор ғалымы өткен. Сол кісінің көзінің тірісінде аяқтай алмай кеткен бір еңбегі болатын. Көп жылдар оны ешкім қолға алмаған еді. Сол еңбекті аяқтап, Н.Е.Жуковский академиясына тапсырғанмын. Ол кітапты Америка, Ұлыбритания, Италия, Франция елдері сатып алып, өз



дубәкіровтер отбасы: Татьяна Михайловна, Тимур және Миша. Мәскеу, 1991 жыл

тілдеріне аударып, өз елдеріндегі әуе академияларында оқулық ретінде пайдаланады екен. Ол елдерден осы кітап үшін маған алғыс хаттар келіп тұрады.

Ресей елінде оқыдым, өстім, жетілдім. Бүкіл жинаған ғылым-білімімді жүйелеп, ол жақта үлкен із қалдырып кеттім. Қарапайым тілмен айтқанда, олардан алғанымды еселеп қайтардым десе де болады. Бұл жөнінде Ресейдің маған өкпесі жоқ. Өз еліме келетін болсам, өкпелеуге қақым да жоқ. Қайта өз елімдегі ең бақытты жандардың бірімін деп ойлаймын. Неге десеңіз, елім мені алақандарына салып аялауда. Қазақстанның қай бұрышына барсам да, төбелеріне көтереді. Ал білім жөнінде Астана-Тұран университетіне дан ризамын. Олар мені профессор орнына шақырған, студенттерге лекция оқып тұрамын. «Тоқтар дубәкіров атындағы стипендия» да тағайындалған. Жылда 12 сәуір «Ғарышкерлер күніне» орай студенттерге

сыйлық тағайындап, кездесулер өткізіп те тұрады.

ҒАРЫШТАҒЫ ҒАЖАЙЫПТАР

Ғарышта бір күнде 16 рет таң атады.

АДАМЗАТТЫҢ АРМАНЫН КӨККЕ АЛЫП ҰШҚАН БАЙҚОҢЫРДЫ САҒЫНАМЫН, БАРҒЫМ КЕЛЕДІ

– Байқоңырға барып тұрасыз ба? Сырдария жағалауындағы Ю.Гагарин мен С.Королевтің сұхбаттарына куә болған орындықтар қазақтың ғарышкер ұлдарын күтіп, құлазып тұрған жоқ па екен?

– Байқоңырға бармағалы көп жыл болды. Соңғы рет депутат кезімде барғанмын. Оған арнайы рұқсат қағаз керек. Ұлттық ғарыш агенттігі ұсынып жатса, неге бармасқа? Байқоңырды рас, сағынамын. Барғым келеді. Табиғаты тартымсыз болса да адамға берер әсері ғажал. Қаншама ұлылардың табан ізі қалған, адамзаттың арманын көкке алып ұшқан жер ғой ол.

– Неліктен ғарышкерлер ырымшыл келеді?
– Иә, барлық ғарышкерлер ырымшыл. Ұшатын күні бір киноны ғана көреміз. Қонған бөлмеміздің есігіне қолтаңба қалдырамыз. Кейбіреулер қажылыққа барғандай ниет етіп, сыйынып барады. Ешкімге айтпай өзіміздің бір затымызды ала шығамыз.

– Сіз

ешкімге айтпай не апарып едіңіз?
– Ешкімге айтпай апарды екем, оны енді айтам ба? (күлді). Оны қалай айтайын.

– Сіздер қолтаңба қалдырған есікте Байқоңырдың жергөлесіндегі мұражайда сақтаулы ма?

– Иә, біз бірнеше кісі ұштық қой. Сондықтан бәріміздің қолтаңбаларымыз қойылды. Ол есікті біз кеткен соң орнынан алып, мұражайға

сақтап қояды.

Бұл ырымдардың барлығы



Ғарышкерлердің ұшар алдында

– Ю.Гагариннің ұшар алдында ешкімнің нұсқауынсыз жасаған әрекеттері. Ол кісі ешкімге ұқсамайтын ерекше адам болған ғой. Жаратылысында әсем тартымдылық пен еркіндік бар. Старт алаңына кетіп бара жатқанда дәрет сындыруды ұмытып кеткен екен. Автобусты жолда тоқтатып, жеңілдеп келеді. Ал бір ғана кино-

ны көретін себебіміз, Гагариннен кейінгі екі старт апатқа ұшыраған. Біреуі Алтайға қонды, екіншісі жерде жарылып кетті. Содан кейін ғарышкерлер сескеніп, тартынып қалды. Қандай батыр болса да жан керек. Ғарышкерлерді таңдауда психологтар өте көп жұмыс жасаған. Сонда Александр Яковлевич Леонов осы «Шөл даланың ақшаңқан күні» деген фильмді алып келіп: «Жігіттер, мына киноны көрсеңдер старт мынадай болады!» – деп бас бармағын көрсеткен. Шынында сол старт сәтті болады. Мінеки, адам баласының ғарышқа ұшқанына елу жылдан асса да, сол ырым-жоралғылар сонша жыл айна-қатесіз қайталанып келеді. Оның себебі, қаншама батыр болса да адам баласымыз. Жүрегіміздің

түбінде бір үрейдің болатыны рас. Осылай жасаған кісілер аман-есен сәтті ұшып, қонды. Бізге де сондай сәттілік келсе екен деген ниеттен туындаған ырымшылдық қой.

«Адамдар түйенің қалай жаратылғанына, аспанның қалай көтерілгеніне, таулардың қалай тұрғызылғанына, жер бетінің қалай жаратылғанына бір қарамай ма?!»

(Ғашия сүресі. 17-20-аяттар)



ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ғарышкер-ұшқыш Тоқтар Әубәкіровпен ғарышкерлерігі дайындыу орталығында. Көскеу

нен кейін қорылдайтын әдет пайда болды. Ғарышта бұлшық еттердің бәрі босайды ғой. Басқа бұлшық еттер бірте-бірте қалыпқа келеді екен де, тыныс алу жолындағы ұсақ бұлшық еттер орнына келмейді екен. Аңшылыққа барғанда жігіттерге: «Ал жаттық, демалып алайық. Сендерге бес минут уақыт беремін. Ұйықтаңдар. Бес минутта ұйықтап ренжімесеңдер, маған ренжімеңдер, өздерің өкінесіңдер», – деймін де, ұйықтап қаламын. Бес

жүгінеді. «Жат!», «Ұйықта!» дегенге жата салып, ұйықтап кеткен тарихтағы екінші адам мен екенмін. Біріншісі Ю.Гагарин болған. Кейбіреулер «Ю.Гагарин жас болғандықтан, ғарыш жөнінде білмегендіктен осылай істеді» дейді. Жоқ. Ол бәрін білді, бәрін түсінді. Дүниежүзінде бірінші рет адамзаттың атынан ғарышқа шыққалы отырып жауапкершілікті түсінбеуі мүмкін емес. Олай болса бәрі тәртіппен, жүйелі болуға тиіс. Ол тәртіп пен жүйе әрбір адамның жеке басынан басталады. Бұны – өзін-өзі тәрбиелеу және программалау дейді.

– Ғарышқа ұшар алдында психологтардың көмегінсіз-ақ ұйықтағаныңыз рас па?

– Рас. Мен ол жаққа жұмыс істеуге бара жаттым. Ұшып жүргенде өзімді-өзім күнде 8 сағат толық ұйықтауға тәрбиелегенмін. Оны үйдегілер де, жақын-жуықтарым да жақсы біледі. Жақсы, нәтижелі жұмыс істеуі үшін адамның ұйқысы қанық болуы керек. Кешке ұшуым керек пе, күндіз жатамын, ұйықтаймын. Күндіз ұшуым керек пе, түнде ұйықтаймын. Маған басқа дүниеде не болып жатқаны бәрібір. Өзіме: «Ертең

жұмыс, ұйықтау керек», – деймін. Болды. Жатамын. Ұйықтаймын. Ұшуға дейін киінуің керек, пресс-конференция, ракетатасығышқа отыру, одан ұшар алдында екі сағат тағы отыруың керек. Олардың бәрі адамды ұшпай жатып-ақ шаршатып жібереді. Одан ұшқаным маған әлдеқайда жеңіл. Ғарышқа ұшарда да өзіме: «Ертең қиын күн. Дұрыс ұйықтауым керек», – дедім. Келдім. Жаттым. Бес минуттың ішінде ұйықтап кеттім.

Мен бүгінге дейін осылай ұйықтаймын. Кейде достарыммен аңға шығамыз. Ғарыштан келген-



минуттан соң олар менің жанымнан қашып кетеді *(рахаттанып күліп алды)*.

Мен өзімді-өзім әбден тәрбиелеген жанмын. Ғарышқа ұшатын кезде де солай істедім. Ол жаққа қыдырып бара жатқан жоқпын. Ұшу мен үшін жаңалық та емес. Одан да қатерлі сапарларды бастан өткізгенмін. Демалу керек. Жаттым да, ұйықтадым. Маған дәрігерлер, психологтар келіп, ұйықтап жатқанымға сенбей, басымда жарты сағат күзетіп отырыпты. Мені әбден байқап, тыңдап көріп «ой, мынау шынымен де ұйықтап жатыр екен ғой» деп кетіп қалыпты.

Ғарышкерлер түгелге дерлік ғарышқа ұшар алдында ұйықтай алмай қалады. Дәрігерлердің, психологтардың көмегіне

ҒАРЫШТА «ЖЕРГЕ ЖЕТІП ӨЛГЕН АДАМНЫҢ АРМАНЫ БАР МА ЕКЕН» ДЕП ОЙЛАЙСЫҢ

– Ғарышкерлер арасындағы «Солярис эффектісі» жайлы не айтасыз?

– Ештеңе де айтпаймын.

– Неге?

– Ол жайлы айтқым келмейді.

– Мысалы Ю.Гагарин ғарышта бұрын-соңды естімеген әуен естіген. Н.Армстронг азан даусын естіп, кейіннен Ислам дінін қабылдайды. В.Себастьянов жаңбыр дыбысын естіп, Ресейде осы негізде «Нәсер үні» деген ән жазылған. Ал біздің Тоқтар дубәкіров ғарышта ғылыми-

АҚ БАТА

*Самға, самға, Тоқтар балам,
Арналы шың, аспаның.
Алға шарлап, от лаулаған
Арманысың жастардың.
Ғарыш жолы басталатын
Далаң, жерің – киелің!
Ғарыш қолын басқаратын
Балам, елің сүйеді!
Қазақстан – дәнстанда
Ерлігіміз – жалынды.
Қазақ ұшқан ғарыштан да
Елдігіміз танылды.
Айбаралы биік екпін,
Әрбір ойың ғажап тым.
Айдан әрі биіктеттің
Абыройын қазақтың!*

Әдібай Табылдиев

зерттеулерден басқа не естiп,
не көрдi екен?

– Сен ғарыш пен ғарышкерлердi
әбден зерттеген сияқтысың ғой.

– Талғат пен Сiздiң арқанызда
бүкiл қазақ баласы ғарыш
жайлы көбiрек бiлгiсi келетiн
болды деп ойлаймын.

Оның үстiне, Байқоңырдан
таяқ тастам жерде туып-
өскенмiн. Кеңес заманындағы
ғарышкерлердiң қай күнi,
қалай ұшқанын көзiмiзбен
көретiнбiз. Аты-жөндерiн
де түгел жатқа айтып бере
аламын.
– Тамаша!

– Салмақсыздық жағдайда
адамның ойлау қабiлетi өзгер-
ме?

– Әрине, салмақсыздық жағдай
адам сезiмдерiне басқаша әсер

етедi. Неге десең қан айналы-
мы өзгередi. Бiрнеше рет қан
айналғанмен аяғыңа жетпейдi.
Содан қан ылғи бұрқырап миға
ұрады. Ғарышкерлердiң маңдай,
мойын тамырлары бiлеудей
болып тұратыны
сондықтан. Жүрек
жердегiдей
соғады. Ал
сен қысымсыз
жағдайда, тар-
тылыс күшi
жоқ әлемдесiң.
Адам ағзасы

не болғанын түсiне алмай
дағдарады, күреседi. Адам бала-
сы Жер планетасында өмiр сүруге
тиiс. Ал бiз жаратылысымызға
жат басқа әлемдемiз. Ол жақта
кiсiнiң ойы да, сезiмi де, ұйқысы
да жердегiден басқаша
болады. Содан кейiн
бiреулер бiртүрлi түс
көредi, бiреулер
көзi бақырайып
отырып бiрдененi
көредi, естидi.
Ендi бiреулерге
елестеп, тiптi
басқа нәрселер
көредi. Оның бәрi
ғарыш үшiн қалыпты
жағдай.

– Ғарышкерлер түгелге
дерлiк өте кiшiпейiл,
қарапайым келедi.
Ғарышкерлердi адам
баласының бәрiне сүйкiмдi
етiп, перiштедей өзгертетiн
қандай сезiм, қандай
күдiрет?

– Бiз алғаш рет алысқа
кеткенде үйiмiздi қалай
сағынамыз? Есiңе түсiрiп
көршi. Қандай жаман үй, киiз
үй, барак үй болсын, қатты



Ғарышта, Орбиталық «Мир» стансасы

аңсайсың. Қайтқың келеді. Сен алтын сарайда жүрсең де жаман үйің бәрінен артық, бәрінен қымбат. Жүрегің езіліп сол үйді сағынасың. Ғарыш сені сол сезімге қайтарады екен. Үйіңнен кетіп қалдың. Жер – әне! Үйің сенің үйің емес, енді Жер – сенің үйің.

Ондайда «Жер-үйіме жете алам ба, жете алмаймын ба?» деп армандайсың. «Жерге жетіп өлген адамның да арманы бар

ма екен» деп ойлайсың. Жерді құшағыңа алып жылағың келеді. Ол – Жер көкпеңбек болып қол созым жерде тұрады. Алақаныңа сыйып кететіндей. Бейкүнә. Таптаза. Мөл-мөлдір. Саған ерекше ыстық. «Ойбай, біз батыр еркектеріміз, ең мықтылармыз, арнайы келдік, елге батыр болып ораламыз» деген ой болмайды, бұл жайлы ешкім айтпайды. Далбаса! Бәрі де пенде! Бәріміздің жаратылысымыз бірдей. Он жер-

ден батыр болсаң да, дүйім жұртты аузыңа қаратқан шешен болсаң да, кім болсаң ол бол, сен – пендесің. Бірақ менің батырлығым – сол белгісіздікке келісім бергенім. Біз алдымызда қайтпай қалатын күн болуы мүмкін екенін білдік. Кеудеңнен жаның шықпай тұрып ғарыш әлемін кезіп кетуің де мүмкін. Мүмкін, мүмкін, мүмкін, бәрі де мүмкін. Бірақ келісім бердім. Неге? Бұл – біздің ғылыми зерттеу. Бұл біздің елге, жерге, бүкіл әлемге керек. Ал ғылым үшін кеудеңдегі жаның түкке тұрғысыз. Жаным сол зерттеудің

садағасы болсын деп ұшасың. Әрине, ол жауапкершіліктің қандай ауыр екені сөзбен айттып жеткізгісіз. Ол ерекше қорқынышты, ерекше рақат сезім.

Иллюминатордан ғарышқа, анау Жерге қарағанда адам түгілі Жердің өзі әлем үшін түк емес. Сен шаң да емессің, шаңның тозаңынан да кішісің. Тіпті, тозаңға да татымайсың. Әсіресе станциядан бөлініп, жерге қонуға кететін сәтімізде сонда қалатын ғарышкерлермен қоштасу өте қиын болды. Сондағы ғарышкерлердің бір-



Қазақтың қос перзенті – Олжас пен Тоқтар



Техника ғылымдарының докторы, профессор Т.Дубәнірова халықаралық симпозиумда

біріне қараған көзқарастарын көрсең, жаның қиналады. Адам бір-біріне ес, пана, тірек, бауыр. Ал жерде жүріп осылардың байыбына барып, түсіне аласың ба?! Біз үйге – Жерімізге қайтамыз. Ал олар қалып барады. Тағдырлары қалай болады? Біздікі ше? Қимасақ та, амалсыз бөліндік. Станция жап-жарық, әне кетіп барады. Бірте-бірте жарығы алыстап барады. Жан-жағымызда үлкен-үлкен жұлдыздар. Бірақ станцияның жарығы басқаша. Өшіп барады, өшіп барады, өшіп барады. Өшті. Жоқ. Көрінбей кетті. Сол кезде өте қатты қиналдым. Ғарышта денеңнің бір бөлшегі қалып бара жатқан сияқты (көңілі босап кетті).

Біз үйге кетіп барамыз. Ал ана станцияның ішіндегі жігіттер ше? Қайда кетті? Мәңгілікке кетті ме? Олар Жерге қайта орала ма, оралмай ма? Иә, олар жұмыс істеп жатыр. Ол жұмыс біздің болашаққа керек. Сол ой ғана жүрегіңе тоқтам бере алады.

Ал Жерге келгендегі жердің иісі, жай даланың иісі қандай керемет! Оны жер басып жүріп ешқашан сезіне алмайсың. Келіп қонғанда, бортты ашқанда бұрқ ете түседі. Ананың ақ сүтінің иісіндей. Жер-Ана деп жайдан-

жай айтыла салған сөз емес, расында солай. Оны ғарышкерлер ғана шынайы түсіне алады. Жерге оралғаның – анаңның құшағына оралғаның. Жерге оралғаның – анаңның ақ төсіне, анаңның бауырына сол сағынышыңды арқалап кеп құлағаның.

Ғарышқа он рет барған адам дәл осы сезімді он рет басынан өткізеді дейді. Әрине, мен бір-ақ рет ұштым. Ал келе сала жерді құшақтап жылаған ғарышкерлерді көрдім.

Осы сезімдердің бәрі



Ғарышкерлер мен балалардың бірігіп «Құлақ» жобасында

бойынан, жүрегінен өткізіп келген ғарышкерлерде қандай тәкаппарлық болмақ? Керісінше адам атаулының бәрін өзіне бауыр, туыс тұтып, қара жердің құрт-құмырсқасына дейін сүйетін болып оралады ғой.

«БҮЛ АДАМ ҮШІН ҚАРЫСТАЙ ҚАДАМ БОЛҒАНЫМЕН, АДАМЗАТ БАЛАСЫ ҮШІН АЛАПАТ СЕРПІЛІС»

– Жаңа сөз арасында жұлдыздар туралы айтып қалдыңыз. Ю.Гагарин де күнделігінде жұлдыздар туралы тамсана жазады. Жұлдыздардың жарықтары қандай?

– Ой, ол мүлде ерекше. Ол жақта жұлдыздар от сияқты жарқырайды. Отқа да ұқсамайды, күнге де ұқсамайды. Ол мүлде басқа жарық. Нұр. Нұр деп соны айтуға болатын шығар.

Ал Айдың теріс беті мүлде қап-қараңғы. Жер бетіндегі қараңғылық теңеулерінің ешбірі оған жетпейді. Ол сондай қара бояу, түк жоқ. Тас түнек. Ол жақта цвета-гамма мүлдем басқа. Не түрлі-түрлі боп жарқырайды, не тас түнек қараңғылық болады.

– Басқа планеталарда тіршілік бар дегенге сенесіз бе?

– Бар. Мен оған 100 пайыз сенемін. Неге десеңіз, микро-организмдер жерге ғана жеткен жоқ, олар бүкіл ғарыш әлемінде шашырап жүр. Біздің жердің табиғатындай табиғаты бар планеталар бар. Әрине, оларды табу болашақтың еншісінде. Мен оған сенемін.

– Ғарышқа тағы да ұшқыңыз келе ме?

– О-о, сұрайды екенсің сен де. Әрине, ұшқым келеді. Мен мәңгі

Көкке, Ғарышқа ғашық емеспін бе?!

– Қазақ елінің ғана емес, бүкіл түркі халқының тұңғыш ғарышкерісіз. Түркияға сапарыңыз жөнінде не айтасыз?

– Бізде «Ғасыр саңлағы» десе, ол елде «Ғасыр азаматы» деген атақ бар. Ғарышқа ұшып келгеннен кейін Түркия мемлекеті арнайы шақырып, қонақ етті. «Түркітөктес халықтардан шыққан бірінші ғарышкер» және «Ғасыр азаматы» деген атақтар берді. Сонымен бірге кезінде Ататүрік өз қолымен жасаған пошта маркасы бар екен. Түркия халқы оны мемлекеттік ту сияқты құрметтейді. Сол марканы да сыйға тартты. Бауырлас Түркия мемлекетін жақсы көрем, жиі барып тұрамын.

– Америка астронавты Нил Армстронгтың Ай бетіне

қонуын американдықтардың жасанды сенсациясы дейді. Сіздің ғарышкер ретінде пікіріңізді білгім келеді.

– Жоқ, оған сенбеңіздер.

Н.Армстронгтың Айға қонғаны рас. Біреудің жанкештілікпен жасаған еңбегін жоққа шығару – қиянат. Басқа-басқа Н.Армстронгтың ол еңбегіне қиянат жасауға болмайды. Ол кісі бүкіл астронавтардың, космонавтардың идеалы. Менің де идеалым. Сонымен бірге ол бүкіл ғарышкерлерге кісіліктің де идеалы болған адам. Мен ол кісімен көп рет кездестім, жүздестім. Арамызда өте көп жақсы әңгімелер болған.

Корабльді қондырып, аяғы Айға тиетін кезде: «Бұл адам үшін қарыстай қадам болғанымен, адамзат баласы үшін алапат серпіліс» деп айтқан сөзі бүкіл әлемге сол сәттен-ақ тарап кеткен. Алла жазса, болашақта біздің жерлестеріміз де ғарышқа ұшар. Одан да алысқа жол салар. Оның жасағандарын көздерімен көретін де күн келер.

– Сіз ғарышта өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салаларымен қатар Арал теңізі аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымсыз.

Жерден байқалмайтын жер маселелерін ғарыштан бақыладыңыз. Жалпы Жер планетасының болашағы туралы қандай ойдасыз?

– Ғарышкерлердің істеген ісі – өз жанын беруге әзірленіп, қорықпай жасаған алғашқы қадамдары бір ұлттың, бір мемлекеттің мүддесі үшін ғана емес, бүкіл адамзаттың болашағы үшін жасалып жатқан жұмыстар. Бүкіл әлемге керек дүниелер. Жерді сақтап



Жұбайы Татьяна



Қос перзенті – Тимур мен Миша Дубақировтер

қалу – адамзатты сақтап қалу. Жерді сақтап қалу – адам деген тіршілік иесін сақтап қалу. Өкінішке қарай, жердің бүкіл байлығын, нәрін оңды-солды, бей-берекет алып жатырмыз. Оның зардаптарын жерден де жақсы байқаймыз. Ғарыштан да анық көрінеді. Жердің бүкіл байлығы, минералдары бітетін де заман келеді. Сонда жер сөлі сығылған лимон сияқты күй кешер. Ең көп болса тас болып қалады. Адам баласы сонда не істемекші?

– Сіздің қазақ балалары дегенде ішкен асыңызды жерге қойып, алыстан жүздесуге келетініңізді жақсы білемін. Бүгінгі сұхбатымызды пайдаланып сұрайық, өзіңізге ұқсағысы

келетін жастар мен балаларға қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз?

– Балаға ең бірінші жақсы тәрбие керек. Одан кейін терең білім. Біліммен қатар үлкен жетістіктерге жеткен кісілермен жиі-жиі жүздестіріп, сұхбаттастырып, үлгі-өнеге алуларына мүмкіндік жасаған жөн. Неге десең, ол адам жайлы кітаптан оқып, теледидардан көргеннен гөрі жүзбе-жүз кездесіп, пікірлескеннің әсері әлдеқайда артық. Мені қазақ мектептеріне кездесуге жиі шақырып тұрады. Көбінесе «Ауылда өскен қазақтың жалаңаяқ қара баласы осындай жетістікке қалай жетті?» деген сұрақтар қояды. «Әрбір кісі мендей бола алады. Әрбір кісі! Бірақ олай болу үшін сен өзіңді-өзі ылғи тәрбиелейсің. Өзіңді-өзің ылғи қиындыққа дайындайсың. Бірдеңе жасағанда «жоқ, бұдан да артық жасауым керек» деп алға ұмтыласың. Оқуға келдің бе, мектеп, институт, университет болсын – оқы. Уақытты текке өткізбе. Тағы да оқы. Жұмыс істейсің бе, жан-тәніңді беріп, өзіңнің жеке басыңа ғана керектей істе» деп айтқанымда, «біз де солай бола аламыз» деп балалардың көзі жайнап шыға келеді. Әрине, бола алады. Өзіне-өзі талап қоя білген, өзін-өзі тәрбиелей білген әрбір кісінің мендей болуға мүмкіншілігі бар. Оқимын деген адамға жоқшылық сылтау емес. Денсаулығың бар ма – болды. Ол денсаулықты сақтау да міндет. Ол денсаулық саған ғана емес, мемлекетке керек, елге керек. Осылай сезінгенде сен ол денсаулықты текке кетірмейсің. Босқа арақ, темекімен уламайсың. Өзіңе қызмет ету

арқылы елге, мемлекетке қызмет етесің. Мемлекетке қызмет ету арқылы өзіңе қызмет етесің.

– Кез келген ер-азаматтың жеткен жетістігі мен бағындырған биігіне отбасының да қосар үлесі зор. Жаныңызға жалау, сүрінгенде демеу болған қосағыңыз туралы айтсаңыз.

– Ер адам өзіне жар іздегенде өз анасына ұқсас жанды еріксіз таңдайды екен. Оны өзі де байқамай қалатын көрінеді. Біреулер мінез-құлқына, енді біреулер түр-тұлғасына ұқсас адамды табады дейді. Татьяна Михайловнаның түрі ұқсамаса да, мінезі анаммен көп сәйкес келеді. Әйел адам әйел болу үшін, ана болу үшін, ең алдымен өз күйеуіне анасындай қамқор бола білу керек екен. Егер күйеуіне анасындай қарай алатын болса, онда балаларың да, отбасың да

бақытты. Таня екі баламның анасы. Бүгінге дейін олар үшін жанын беруге дайын. Егер қажет етсе бала үшін әке ойланып қалады, ал ана жанын ойланбай береді. Танямен қиыншылықты да, қызықты да бірге бөлісіп келеміз. Ол қолына келген бақытты да көтере білді. Шашып-төкпей, асып-тасымай сол қалпын сақтай білді. Мен өз теңімді жаңылмай таптым деп ойлаймын. Әрине, үйде ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Күн бұлттанып, жауын-шашын да болып өтеді. Бірақ ешқашан өкінген емеспін. Кейбіреулер өзге ұлт, бекершілік деп жатады. Алайда мен өзімді бақытты санаймын. Үйге қуанып келіп, жұмысқа қуанып аттанамын. Қашан да, қандай жағдайда да үйден шығарып салып, үйден қарсы алатын жарым бар.

*Сұхбаттасқан
Гүлзат ШОЙБЕКОВА*